

# РУХЫМДЫ ОЯТ ҚҰДІРЕТ

## АРЛАНА АМЫН...

"Ақынмын" - деп айтуға арланамын...

О ,Мұқа - Мұзбалағым.

Бар ма амалың?

Қасиет қара өлеңнен қашты білем,  
Заманында жылтырақ жарнаманың.

Арланамын...

Мені елім ардақтама...

Сөзімді қорғасынан салмақтама.

Ақындары бір - бірін күндеп - жүндеп,  
Тіл тигізіп жатқанда әруаққа да...

Алыптармен ақиық салыстырма?

Оларменен үзеңгі қағыстырман.

Еркін мен Есенқұлдар жасап жатыр,

Ақындықтың ауылы,

алыс қырда...

Әруағы күңіреніп асылдардың,  
Ұшқыны ұрса жаман, жасындардың.  
Кешегі қара өлеңді қанмен жазған,  
Киесінен қорқамын Қасымдардың...

...Иесінен қорқамын асылдардың...

## ҚАСҚА БҰЛАҚ

Еркін ІБІТАНҒА

Жаз келсе де,

Тау басына бұлт үйір....

Долы боран ,шамаң келсе шырқы иір?!

Қарасаздың құрсағына құт болып,  
Нұрлы тамшы тамып түсті ,бір түйір.

Жаратты өзі,

"Ақын"- деген асылды.

Күн шапағы шашу болып шашылды.

Табиғатқа тән дүниенің барлығын,

Жас бұлақтың жанарына жасырды.

Бүлкілдеді,

Сәби жүрек бұлақ бал...

Жаялықтай жайылды кеп құрақтар.

Сыр сақтамас жеңге сынды желменен,

Сүйіншілеп кетті жота ,қыраттар...

Құстар сайрап,

Көлдің беті нұрланды.

Жасыл жайлау жұпары аңқып

жырланды.

Қурап қалған құлықтарға су жетіп,

Қаталаған жанның бәрі ,бір қанды.

Қара жұртты,

Қара өлеңге қарық қып...

Қарасаздан жатты солай ағып құт.

Елшенбүйрек езбеді оның еңсесін,

Еркін ағып ,кең көсілді жарықтық !

Мұқағали - мұзбалақпен мұндасты...



## Мақсат ЕРЕЖЕП

Тұманбаймен "Тұмашым"- деп  
сырласты.

Есенқұлды елеңдетсе екпіні,  
Қадір ақын қадірледі құрдасты...

Алматы да,

Жүрмеді бас қатырып.

Ал ,туған жер таусылмайтын тақырып.

Қара өлеңнің қазығындай қағылған,

Хантәңірі алды өзіне шақырып !

Төскейге алып,

Теріскейді ,күнгейді...

Ойдан ,қырдан жырдың шоғын үрлейді.

Көшіп - қонып қойдан тапқан өрісін,

"Менің бабам қойшы болған біл"- дейді !

Ерке ақынға,

Есіп аққан ел сенді.

Хабар алдық әр ауылдан белсенді.

Тірілердің бар қайғысын көтеріп,

Ескерткіштер арасында ,теңселді...

Ақтарылды,

Ақ уызға жарытты.

Жыр тербеді тау жайлаған халықты.

Қасқа бұлақ шалғай жақта шапқылап,

Қара өлеңнің киесін де ,иесін де

танытты !!!

## КӨНЕ "ҚҰЯС" ҚАЛАСЫ ҮЙСІНДЕР

Қара жер,

енді қанша көтереді?

Тарих мені тереңге жетеледі.

Жетісуға қарайтын барлық аймақ,

Ежелгі Үйсіндердің мекені еді!

Өткізіп өзегінен,

қилы өткелді...

Қара жерді қамырша илеп берді.

Осын - ау ұланғайыр дала төсін,  
Күнбилері Үйсіннің билеп келді.

Сауыт-сайман,

жебесі қапталында,

Көшпенділер күн кешкен ат жалында.

Аңшылықты кәсіп қып ,егін салып,

Сауда жасап сақтаған салттарын да...

Ұлы Қаған,

Естеми пана болған,

Шынымен де ашылмай қала ма

ордаң?..

Торайғыр тау Ағанас жазығында,

"Құяс"- деген көне бір ,қала болған...

Сол дәуірде-ақ,

Күнбилер тұлғаланды,

Уысында ұстаған бұл ғаламды.

Тарихшылар тарихты қолдан жасап,

Ақиқаттың талайы бұрмаланды...

Үйсіндермен үндесер,

жалпы ,далаң...

Көне қорым ,жәдігер жарқыраған...

Оған куә таңбалы қара тастар,

Оған куә табылған "Алтын Адам !".

Сан ғасыр,

сағым болып кеткен екен,

Жаңғырып рухы бізге жеткен екен.

Дабысы жерді жарған Үйсіндердің,

Намысы найза ұшында өткен екен..

## ТЕКТІ ЕЛМІН

Арбаса да,

жалмаса да неше елді,

Ешбір індет көрсете алмас сес енді...

Қасиетім қарсы тұрып жоқ қылар,

Кеңістікте кезіп жүрген кеселді.

Азапқа да,

Тозаққа да жан шыдап,

Қазақ келді сірі жанын қамшылап.

"Құдай жоқ"деп азғындаған ел үшін,

Болатыны айдан анық сан сынақ...

Қастықты да,

Аштықты да көп көрдім.

Құдай оңдап ол күндерді өткердім.

Жер бетінен жойылмауға тиісті,

Тегі мықты тегеуірінді текті елмін !

Шарықтасын,

Қалықтасын қыран құс.

"АЛАШ"- деген берсін бізге ұран күш !

Қазағымды қолдап қоршап демейтін,

Жаратқанға сансыз мадақ ,мың алғыс !!!

Жалғасы 6-бетте.